



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті жиынға қатысушылар!

Бүгін біз Парламенттік реформа бойынша Жұмыс тобының алғашқы отырысына жиналды. Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада арнайы Жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойдым. Парламенттік реформа – еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс. Жолдауымда бұл мәселе азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет деп нақты айттым. Бүгін, міне, бірінші отырысымызда Парламенттің, Президент Өкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар. Бәрі де елге танымал азаматтар, түрлі саланың мамандары. Тағы да қайталап айтқым келеді: Парламенттік реформа – еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін.

Баршаңызға мәлім, елімізде түрлі бағытта ауқымды өзгерістер жасалуда. Бір ел болып саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Осы өзгерістер жалғасын табуы керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл – елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі сақталады деген сөз. Жалпы, бір палаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керегі – ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсынысты мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз.

Құрметті Жұмыс тобының мүшелері!

Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды. Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны – жақсы үдеріс.

Дегенмен парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі, бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл



– мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным.

Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек.

Сондықтан алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты ой-пікірімді білдіргім келеді.

Біріншіден, біз барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргіземіз. Яғни азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігіміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді.

Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына кепілдік берілді.

Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арқасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы

жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-бірте және байыпты жолмен бір палаталы Парламентке өтуді бастаймыз.

Екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Жаңа да атап өттім, бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламенттік реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады.

Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады.

Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта e-Parlament қазіргі электрондық үкімет – e-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың

жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді. Яғни заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындатады, e-Parlament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды. Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр. Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Парламент – Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді.

Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды.

Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де әбден тексерілген, ескелген, жан-жақты сарапталған болуы керек.

Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс. Атап айтқанда, «E-Otinish» және «E-Gov» порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр норманың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет. Бұдан бөлек, басқа да көптеген мәселе пайда болуы мүмкін.

Қысқасы, алдымызда тұрған шаруа – өте ауқымды. Жұмыс тобына үлкен сенім артылып отыр. Істеріңізге сәттілік, табыс тілеймін!

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында өңірлерде азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қайтарылған активтер есебінен әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Үкімет Арнаулы мемлекеттік қордан Жетісу облысындағы сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға және құрылыс жобаларына 480 млн теңге бөлді. Жоба бойынша Алакөл ауданының

Қоңыр ауылында ұзындығы 17 шақырым су желісін тарту және Қаратал ауданының Ұмтыл ауылында 4,8 шақырым су желісін жүргізу жоспарланған. Нәтижесінде, мыңнан астам ауыл тұрғыны ауыз сумен қамтылады.

Биыл Жетісу облысында сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту және салу бойынша барлығы 18 жоба жүзеге асырылып жатыр.

2025 жылдың соңына қарай өңірдегі орталықтандырылған ауыз сумен

қамтылған ауылдардың үлесін 99,9%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл – 329 ауыл мен шамамен 697 мың облыс тұрғыны.

ҚР Үкіметінің телеграм каналы.

Ауылдарды сумен қамтуға Арнаулы мемлекеттік қордан қаржы бөлінді

МАЛ ҚЫСТАТУ МАУСЫМЫ ҮШІН 2 МЛН. ТОННАДАН АСТАМ ЖЕМ-ШӨП ДАЙЫНДАЛДЫ, АЛ ӨҢІРДЕГІ МАЛДЫҢ БАСЫ 2,7 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Жетісу облысында жем-шөп дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Дәл қазір аймақта мал қыстату маусымына арнап 2 млн. тоннадан астам шөп, сүрлем және жем түрлері дайындалды. Ал облыстағы малдың басы 2,7 миллионнан асты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы таратқан мәліметке қарағанда, биыл 2 миллион 236 мың тонна жем-шөп дайындау жоспарланған. Бүгінгі күнге 2 млн. 270,1 мың тонна жем-шөп жиналды. Бұл межелеген жоспардан артық. Атап айтқанда, 1 млн. 324,6 мың тонна шөп, 327,6 мың тонна сабан, 203, 0 мың тонна сүрлем, 292,3 мың тонна құрама жем, 122,6 мың тонна сенаж бар.

«Диқандардың қолындағы техниканың арқасында қысқа қажетті жем-шөпті толық дайындауға мүмкіндік бар. Мал қыстату маусымына дайындық әлі де жүріп жатыр, бүгінгі күні шөп пен сенаж толық жиналды, сүрлем, сабан және құрама жем дайындау жұмыстары жақын күндері аяқталады. Осылайша аймақтағы төрт түлік алдағы қысқа қажетті жем-шөппен толық қамтылады», - деп хабарлайды басқарма мамандары.

Дегенмен биылғы 8 айдың ішінде аймақтағы төрт түліктің саны 2 млн. 738 басқа жетті. Оның ішінде ірі қара 555,6 мың бас, қой мен ешкі 1,9 млн. бас, жылқы 224,9 мың бас, түйе 2,2 мың бас. Биылғы жыл үшін аймақтағы мал шаруашылығын дамытуға 4,6 млрд. теңге субсидия берілді. Бұл қаржы мал басын асылдандыруға, ет өндіруге және сүттің бағасын тұрақтандыруға жұмсалған.

Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, нарықты етпен және сүтпен қанықтыру үшін бүгінгі күні облыста 25,7 мың басқа арналған 70 бордақылау алаңы және 8,3 мың басқа арналған 36 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Сондай-ақ 2 млрд. теңге сомасына 3 ірі тауарлы сүт фермасы 1190 басқа кеңейтілді. Одан бөлек, Ақсу ауданында жылына 1500 тонна етті айналымға шығаратын 200 басқа арналған мал бордақылау алаңының құрылысы жеке инвестицияның қолдауымен аяқталуға жақын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жетісу облысында бүгінгі таңда өрттің алдын алу іс-шаралары мен үй аралау жұмыстарымен әлеуметтік осал топтағы 7616 отбасы қамтылды. Осы санаттағы отбасы үйлеріне газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик орнату жоспарланған. Бүгінгі күнге соның 820-сы орнатылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАҒЫ 2 МЫҢНАН АСТАМ ОТБАСЫНЫҢ ҮЙІНЕ ДАТЧИКТЕР ОРНАТЫЛАДЫ

Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне қарағанда, датчиктер Кербұлақ, Ескелді, Сарқан, Панфилов, Ақсу аудандарында қойылған. Жалпы Департамент тарапынан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілуде. Оның аясында мемлекеттік органдар мен еріктілер ұйымдарының қатысуымен рейдтік тексерулер, тұрғындармен кездесу, білім беру мекемелерінде интерактивті сабақтар өткізілуде.

Мәселен, бүгін төтенше жағдай саласының қызметкерлері Талдықорған қаласындағы «Қызылтас» саяжайында тұратын әлеуметтік осал топтағы отбасы үйлерін аралап, пеш мұржаларын тазалады, датчиктер орнатты, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар рейд жұмыстарына «ТАТЭК» АҚ мамандары да тартылып, олар үйлердегі электр желілерінің жұмысын тексерді.

- Жетісу облысында жеке тұрғын үй секторларында жылыту маусымында өрттің алдын алу шаралары кеңінен атқарылуда. Халық арасында түсіндіру жүргізіліп, әсіресе жылыту құрылғыларының жұмысы, пеш жағу ережелерін түсіндіруге көп көңіл бөлінеді. Биыл әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасы үйлеріне орнату үшін газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик сатып алу жоспарланған, соның 1720-сы сатып алынды, қалғаны қазан айының соңына дейін сатып алынады, құрылғыны орнату жұмыстары жалғасып жатыр, - деді Жетісу облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғаныс капитаны Еламан Әубәкіров.

Атап өтсек, жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт оқиғаларының саны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,2 есеге азайған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жетісуда табиғи ландшафты сақталған саябақ жасалды

Жетісу облысында табиғи ландшафты сақталған саябақ жасалды. Оның тағы бір ерекшелігі сол, бұл демалыс орнына «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркте өсетін ағаштар отырғызылып, оны мекендейтін жануарлардың мүсіндері орнатылған, сөйтіп «Қойтас» ұлттық парктің флорасы мен фаунасынан кеңінен хабар береді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аумағы 6 гектарды құрайтын «Қойтас» саябағы Сарқан ауданының Сарқан қаласында орналасқан. Саябақты абаттандыру облыс құрылғаннан кейін қарқынды қолға алынды. Оған дейін мұнда орындықтар, жарық шамдары, спорт алаңдары жасалып, жаяу жүргіншілер жолына плитка төселген еді, сол сияқты Сарқан өзенінен өтетін аспалы көпір болған.

Аудан әкімдігінің мәліметіне қарағанда, соңғы жылдары парктің кіреберісінде өзен жағалауымен оң және солға жүретін «Денсаулық» жағажайы, яғни жалпы ұзындығы 1 км жуық серуен алаңы жасалған. Сол сияқты жарық шамдары орнатылды, балалар ойын және воркаут алаңдары салынды. Ал парк ішінде жаяу жүргіншілер жолы, балалар алаңы мен спорт алаңдары, скейтборд алаңы, орындықтар, жарық шамдары, беседкалар, субұрқақ көз қуантады. Оған қоса бейнебақылау камералары орнатылған. Түрлі мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шара өткізуге арналған, 400 адам сиятын амфитеатр салынды.

- «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Қойтас» саябағында 1100-ге жуық қарағай, туя, көгілдір шырша және басқа да ағаш түрлері мен бұталар отырғызылды. Жалпы саябақта екі шолу алаңы салынған, оның біреуі саябақты, екіншісі Жоңғар Алатауын көруге мүмкіндік береді. Екінші шолу алаңы оған қоса таудың фонында фотосуретке түсетін аймақ ретінде де танымал. Жалпы біз өңірге туристер тартуда «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркімен бірлесіп жұмыс



істеп келеміз. Ұлттық саябақта өсетін өсімдіктерді «Қойтасқа» отырғызып, ондағы жан-жануарлардың мүсіндерін орнаттық. Қазіргі кезде арқардың, барыстың бейнесі қойылды, бұл жұмысты жалғастырамыз. Алдағы уақытта Сиверс алмасы отырғызылады. Тұтас алғанда бұл жер шағын ботаникалық баққа айналады деп ойлаймыз. Сондықтан оған алыстан көз жіберуге болатын, иректеліп келген үшінші шолу алаңын салып жатырмыз. Сонымен қатар парк аумағында кәсіпкерлер тарапынан ашылған сауда аумақтары бар. Басты талап – ішімдік сатуға тыйым салынған. Бұл табиғи саябақ арқылы өлкеміздің табиғи сұлулығын, мәдени байлығын, толымды тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізсек екен дейміз, - дейді Сарқан қаласының әкімі Амантай Орынбеков.

Саябақта бүгінгі күні жануарлардың, ұлттық аспаптардың, сол сияқты ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері, жалпы саны 11 кіші архитектуралық форма қойылған. Сарқан өзеніндегі тас үстінде русалканың мүсіні бар. Атап өтерлігі, саябақтағы жасыл желек үшін тамшылап суару жүйесі орнатылды. Келесі жылы үлкен автотұрақ салу және жыл бойы пайдаланылатын

сырғанақ салу жоспарда бар. Алдағы уақытта ағаш отырғызу және шағын архитектуралық формалар орнату ісі жалғасады.

Саябаққа жиі келетін қала тұрғыны пікір бөлісті:

- Біз бала күнімізде өзеннің маңында серуендеп, ойнайтынбыз. Осы маңға ата-анамыз қонақтарды да ертіп келетін. Әр түрлі пішіндерімен көз тартатын тастарға қызығатынбыз. Бұл тастарға қатысты аңыз әңгімелер де көп, олардың мұнда жатқанына ғасыр болды деседі. Қазір осы орынды заманға сай көркейтіп қана қоймай, табиғи ерекшелігін сақтап қалғанына қуанамыз. Сөйтіп бұл қаламыздың тұрғындары мақтанышпен айтатын, рахаттана демалатын орынға айналды, - Айзада Бекетқызы.

Еске салсақ, Сарқан қаласы жуырда облыста «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өткізілген байқауда «Үлгілі аудан орталығы» номинациясын жеңіп алған болатын.

Жалпы облыс көлемінде аумағы 296,3 га болатын 132 саябақ, сквер, аллея болса, соның ішінде 11-і Сарқан ауданында орналасқан.

ЕСЕПТЕ ТҰРҒАНДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МАҢЫЗДЫ

Осы аптада аудан әкімдігінде құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі Сарқан ауданы әкімдігінің жанындағы Консультациялық-кеңесші органның отырысы өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов төрағалық етіп, оған жоғарыда аталған Консультациялық-кеңесші органның мүшелері және Сарқан қаласының, ауылдық округтердің әкімдері ZOOM желісі арқылы қатысты.

Күн тәртібінде бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтармен III тоқсанда атқарылған жұмыстар туралы мәселе қаралып, Сарқан аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы Мадияр Еркенов баяндама жасады. Мадияр Алтайұлы пробация қызметі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар жайында жан-жақты мәлімет бере келе, аталмыш қызметтің есебінде тұрған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды әлеуметтік көмекпен қамту, қоғамға бейімдеу және жұмысқа орналастыру ұдайы басты назарда екендігін жеткізді. Кеңес барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алса, жиын соңында жұмысты жүйелендіру мақсатында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов бірқатар жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді.

Өз тілшіміз.



● Жолдау - өрлеу өзегі

Уақыт талабына сай маңызды бастамалар

2025 жылы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жариялады. Бұл маңызды құжаттағы айтылған білім саласына қатысты мәселелер – уақыт талабына сай маңызды бастамалар екенін атап айтуға болады. Әсіресе, білім саласына қатысты жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс екенін атап өтті. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асыру қажеттігін ең алдымен бұл саланы дамыту үшін, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет деді. Ол үшін ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болатынына тоқталды.

Сондай-ақ Жолдауда қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеу қажеттігі айтылды, мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қашықтан оқыту мен жасанды интеллектке негізделген бұл платформа білім алушыларға сапалы білімге қол жеткізуіне, білім беру теңсіздігін азайтуға және цифрлық сауаттылықты арттыруға жол ашды деді. Нәтижесінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас жеңілдейді, оқу материалдарын меңгеру процесі жылдам әрі тиімді болатынын айтты. «Келешек мектептер» жобасы – білім беру үдерісіне инновация мен цифрлық мүмкіндіктерді енгізудің нақты қадамы. Президент бұл жоба аясында оқу кабинеттері жаңартылып, жаңа технологиялармен жабдықталып, интерактивті құралдар мен цифрлық ресурстар қолжетімді болатынын айтты.

С. ДЮСЕХАНОВА,

Н. Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейдің физика пәнінің ұстазы.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР

Орман — жер бетіндегі ең бай табиғи байлықтардың бірі. Ол ауа тазалайды, оттегін бөледі, жануарлар мен өсімдіктердің мекені болып табылады. Сонымен қатар, орман климатты реттейді және топырақты эрозиядан қорғайды. Алайда орманға ең үлкен қауіптердің бірі — өрт. Орман өрті табиғи апаттардың ішіндегі ең қауіпті түріне жатады. Ол қысқа уақытта мыңдаған гектар жерді шарпып, тіршілік атаулыға зиян келтіреді.



Орман өрті қалай пайда болады? Орман өрті көбіне екі жолмен туындайды: 1. Табиғи себептерден — күннің қатты ысуы, найзағай түсуі, құрғақшылық. 2. Адамның салғырттығынан — сөндірілмеген от, темекі тұқылы, қоқыс жағу. Орман өрт қаупі жоғары кезеңде атқарылатын жұмыстар — табиғатты, орманды және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралар. Бұл жұмыстар алдын алу, бақылау және төтенше жағдай туындаған кезде жедел әрекет ету бағыттарында жүргізіледі.

«Жоңғар Алатауы» Мемлекеттік Ұлттық Табиғи паркі Сарқан филиалының қызметкерлері ауыл тұрғындарымен және шаруа қожалық басшыларымен өртке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Өрт қауіпті маусымы басталғаннан кезең аяқталғанға дейін кезекшілік кестесімен жұмыстар атқарылады. Сарқан филиалының басшыларымен орман өрт сөндіру станциясы жиі өртке қарсы дайындық іс-шараларын өткізеді.

Осы орайда алдын алу жұмыстары өте маңызды. Орман өртінің алдын алу жұмыстарына мыналар кіреді. Өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру: Халық арасында, әсіресе орман маңындағы ауыл тұрғындары мен демалушыларға өрттің алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Орманды тазалау: Құрғақ шөп, қураған бұта, жапырақ, кесінді қалдықтар жиналып, жойылады. Өртке қарсы минералды жолақтар жасау: Орман мен елді мекен, жол арасындағы аймақтарға өрттің таралуын тоқтататын топырақ жолақтар (от бөгет) жасалады. Бақылау мұнаралары мен патрульдер ұйымдастыру: Орман аумағында тәулік бойы кезекшілік жүргізіледі, өрттің алғашқы белгілері қадағаланады. Техника мен құралдарды дайындау: Су таситын машиналар, мотопомпалар, өрт сөндіргіштер және басқа жабдықтар тексеріліп, дайын күйде ұсталады. Сондай-ақ бақылау және қадағалау жұмыстары да айрықша рөл атқарады.

Анар КАЙРБЕКОВА,

Сарқан филиалының байланыс диспетчері.

Алаяқтар алдаудың жаңа тәсілдерін игеруде! Сақ болыңыздар!

Цифрлық технологиялардың белсенді дамуы жағдайында Интернет желісі арқылы мемлекеттік, қаржылық және өзге де электрондық қызметтерге азаматтардың қол жеткізу ауқымы күннен күнге кеңейе түсуде. Алайда, мұнымен қатар интернет-алаяқтық саласындағы қылмыстардың түрлі әдіс-тәсілдері де қарқынды даму үстінде. Сіздерді аса сақ болуға шақырамыз — алаяқтар жылдам дамып келе жатқан жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, бейнелер, аудио-жазбалар және адамдардың бет-әлпеті мен дауысын дәл беретін кескіндер жасайды. Азаматтардың ресми құрылымдарға деген сенімін пайдалана отырып, алаяқтар психологиялық қысым көрсетіп, жеке және қаржылық ақпаратқа қол жеткізу мақсатында өздерін көбінесе мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау органдарының, байланыс операторларының және басқа ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстырады.

Алаяқтық әрекеттердің алдын алу мақсатында және сіздің қауіпсіздігіңіз үшін «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) төмендегілерді ескертеді:

- Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін ешқандай делдалдың көмегі қажет емес, комиссиялық төлем алынбайды;
- БЖЗҚ қызмет көрсеткені үшін өтемақы алмайды, барлық төлемдер қатаң түрде заң аясында жүзеге асырылады;
- Жинақтардың бір бөлігін тұрғын үйге немесе емделу ақысын төлеу мақсатында пайдалану тек уәкілетті оператор (екінші деңгейдегі банктер) арқылы жүзеге асырылады;
- Мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗҚ-ның қызметкерлері телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты ешқашан талап етпейді;
- Егер қоңырау шалушы сіздің аты-жөніңізді, тұрғылықты мекен-жайыңызды және жұмыс орныңызды

білсе, ол оның ресми тұлға екендігін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын түрлі тәсілдермен алуға болады.



Күмәнді қоңырау, хабарлама немесе хат түскен кездегі сіздің әрекеттеріңіз:

- Байланысты дереу тоқтатыңыз.
- Байланысқа шыққан тұлға туралы ақпаратты (хат-хабарлардың скриншоттарын, телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайларды, сайттарға сілтемелерді және өзге де деректерді қоса) белгілеп алыңыз.
- Ақпаратты нақтылап, одан әрі қажетті шараларды қабылдау үшін құқық қорғау органдарына немесе тиісті ұйымның (банктің, байланыс операторының және т. б.) қолдау қызметіне хабарласыңыз.

БЖЗҚ қатаң ескертеді! Ақпаратты ресми көздерден алыңыздар және тек заң шеңберінде әрекет етіңіздер.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, зейнетақы жинақтарыңыздан төлем алу және аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:

- eprf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,
- байланыс орталығының 1418 көп арналы тегін байланыс нөміріне қоңырау шалу жолымен немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы,

-БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

Сақтық шараларын алдын ала қабылдаңыз, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

НАЧАЛСЯ МОНИТОРИНГ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проводится мониторинг деятельности государственных предприятий в соответствии с Правилами проведения мониторинга, утвержденными приказом Председателя Агентства от 28 марта 2022 года №4.

Цель мониторинга — обеспечение соблюдения требований антимонопольного законодательства при создании, расширении и (или) изменении видов деятельности государственных предприятий, а также проверка осуществления ими исключительно тех видов деятельности, на которые получено согласие антимонопольного органа.

Мониторинг проводится в отношении государственных предприятий, осуществляющих деятельность в сфере водного хозяйства, в период с 1 октября по 1 декабря 2025 года согласно план-графику, утвержденному приказом руководителя Департамента.

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету кезінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау мониторингін жүргізу жөніндегі жоспар-кестесін бекітті.

Аталған жоспар-кестеге сәйкес, төрт объекті бойынша мониторинг жүргізу көзделген. Осыған байланысты 2025 жылдың III тоқсанында Департамент Жетісу облысының Қоғамдық даму басқармасының қызметіне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету бөлігі бойынша мониторинг жүргізуде.

Мониторингтің мақсаты мемлекеттік қолдау көрсету кезінде бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманың талаптарының сақталуын бағалау, сондай-ақ бәсекелестікті шектеуге әкеп соғуы мүмкін ықтимал бұзушылықтардың алдын алу.

Мониторинг нәтижелері бойынша, егер бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, Департамент заңда белгіленген тәртіппен тиісті шаралар қабылдайтын болады.

4000 ТҮП АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Сарқан ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында кең көлемді республикалық сенбілік өткізілді.

Іс-шара барысында Сарқан қаласында 500 түп қылқан жапырақты және 3500 түп жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды. Сенбілікке барлығы 1500 адам қатысып, 21 техника бірлігі жұмылдырылды. Нәтижесінде қала аумағынан 40 тонна тұрмыстық қалдық шығарылды.

Бұл шараның негізгі мақсаты — экологиялық мәдениетті арттыру, айналыны көгалдандыру және өңірдің тазалығын қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпы, «Таза Қазақстан» акциясы — еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға, халықтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған аса маңызды экологиялық бастама. Мақсаты: Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру; Елді мекендер мен олардың айналасын тазалау, көгалдандыру; Су көздерін, өзен-көлдерді, орман алқаптарын қоқыстан арылту; Халықты табиғатты аялауға, туған жерге сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Аталмыш акцияға мемлекеттік органдармен қатар еріктілер, жастар ұйымдары, мектептер мен жекелеген кәсіпорындар да белсене қатысты. Осы арқылы елдің экологиялық қауіпсіздігі мен тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға зор үлес қосылды.

Өз тілшіміз.

ҚАРТТАР - АСЫЛ ҚАЗЫНА

1 қазан – Дүниежүзілік Қарттар күні. Бұл күні еліміз бойынша ардагерлер мен зейнеткерлерге ерекше құрмет көрсетіледі. Мекемелер мен мектептерде, түрлі ұйымдарда мерекелік шаралар ұйымдастырылып, қарттарға сыйлықтар беріліп, жылы сөздер айтылады.



Қарттар – біздің асыл қазынамыз, өмірлік тәлім-тәрбиенің сарқылмас бұлағы. Оларға құрмет көрсету – әрбір азаматтың парызы. Осындай ұлағатты ұғымдарды ұлықтаған сарқандықтар да аудан орталығында, ауылдық жерлерде қарттарға арнап мерекелік концерттер өткізді, ардагерлерге сый-сияпат жасалып, алғыс айтылды. Әсіресе мектептер мен жекелеген ұйымдарда «Қарттар – асыл қазына», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атауларымен кездесулер өткізіліп, қариялардың ақ батасы беріліп, ізгі ниеті ортаға салынды.

Сондай тағылымды іс-шараның бірі жуырда Құман Тастанбеков атындағы аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өтті. 80-ге жуық аудан ардагерлері қатысқан салтанатты жиында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев өңірдегі болып жатқан оңды өзгерістерді тілге тиек етті. Мемлекетіміздің қарттарға деген қамқорлығын өз ойына арқау еткен аудан басшысы жиналғандарды мерекемен құттықтап, олардың ел экономикасына қосқан үлестері зор екендігін атап өтті. Салтанатты жиын соңында мерекелік концерт қойылып, ардагерлеріміздің көңілі кемерінен асты. Бұдан соң барлық ардагерлердің құрметіне ақ дастархан жайылды. Мерекелік құттықтаулар легі дастархан басында жалғасып, көптен көріспеген қарттар емен-жарқын әңгімелесуге мүмкіндік алды.

Өз тілшіміз.

●Жолжазба

Киелі Түркістанға сапар

Жетісу облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ер-Мек Келемсейіттің ұйымдастыруымен осы өңірдегі 8 ауданның, 2 қаланың өкілдерінен құралған делегация киелі Түркістанға сапарлап қайтты.

Түркістан - Отырар - Арыстанбаб ежелден бір-бірімен кіндіктес мекендер. Түркістандағы 30 бабтың ішіндегі Арыстанбаб есімі бала кезімізден ежелгі жыр-аңыздардан бізге белгілі. Сүрінгенге демеу, қысылғанға таяныш болған, пенденің сұрағанын табуға игі ықпалын тигізген әулие басына келушілер аз емес. Киелі өңірге сапарлап келген туристер алдымен Арыстанбабқа түнеп, ертеңінде Қожа Ахмет Яссауиден тілек тілейтіндігі заңдылыққа айналған.

Арыстанбаб ертедегі аңыз бойынша Түркістанда мәңгі қоныс тапқан Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы деседі. Отырар - ұлы ұстаз әл-Фарабидің туған жері. Әулие Арыстанбаб екеуі қатарлас, жалғас жатып, ұрпақтарына имандылық жолын дарытып келеді.

Біздің делегация таң бозынан Талдықорғаннан шығып, Алматыда таңғы асын ішіп, Таразда түстеніп, қонаға Отырарға жетті. Сол кеште жайлы қонақ үйде тыныстап, таңертеңгілік дәм-тұздан кейін құрбандық шалып, әулие мазаратымен танысып, бабамыздың басына құран бағыштадық.

Түркістан ғылым, ілім жолындағы ізденушілерге ұлы ұстаз болып танылған әл-Фарабидің туған жері. Ол кісі ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған. Әл-Фарабидің ілімінен бастау алған шығыстың бай мұрасы бүгінгі күні заңды жалғасын табуда. Ғалымның аты мен хаты қалған Түркістанның еңсесін биіктетіп тұрған кезінде Әмір-Темір салдырған Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі. Түркістан облыс орталығы мәртебесін алғалы киелі өңір қайта сілкінді, қайта жаңғырды. Осындай оң өзгерістерді біз мавзолейден басталған саяхатымызда айқын аңғардық. Ұлы Жібек жолынан мирас болып қалған керуен сарайлары шығыс архитектурасына бейімделген. Осы сапарда қазақтың түп бастауы Тұран мемлекетінің шырайы болған шығыстың

небір күрделі архитектуралық нысандарын көрдік. Түркістан моншасы сонау ғасырлардан мұра болып бүгінге жетіп, бабаларымыздың шоқ басқан табанының ізі болып көздің жауын алып тұрғаны қызықтырмай қоймайды. Қожа Ахмет Яссауидің Пайғамбар жасынан асқан соң өз қалауымен қаншама жылдар қоныс еткен Қылуәті тылсым жұмбағымен еліктіргені анық.

-Мен имандылық жолына бет бұрғалы киелі мекенге жолым түссе деп армандап едім,-дейді қараталдық зейнеткер Надежда Нестерова. -Осы арманымды жүзеге асырған Жетісу облыстық Ардагерлер ұйымына, оның төрағасы Ермек Әбілмәжінұлына, жылдар бойы кие қонған, қыдыр дарыған мекенге ардагерлер үшін туристік сапар ұйымдастырып жүрген демеушіміз Керімжан Кісенбайұлына алғысымыз шексіз.

-Бұған дейін жолым түспеген Түркістаннан рухым көтеріліп, олжалы оралып отырмын,-дейді ескелділік еңбек ардагері Құрмаш Жаңбырбаев. -Ұлан-байтақ даламыздың құпиясы мен жұмбағын білгіміз келсе киелі бабаларымыздың мәңгілік қонысына жиі ат басын бұруымыз керек екен.

Талдықорған мен Түркістан аралығындағы сапарымыз киелі мекендерге аялдаған тұста талдықорғандық батагөй қария Серік Балқынбековтың мағыналы ақ батасымен ажарланды. Осы сапардан оралысымен жетісулықтарға шығармашылығымен таныс, бүлдіршіндердің ертегішіл әжесі Жұмабала Балақаранова Түркістаннан алған әсерін әлеуметтік желіге жүктеп, көпшілікпен пікір алмасуда.

Сол күні кешкілік біз мінген 45 адамы бар автобус Тараз қақпасынан енді. Көне қаланың ғажайыбын ертең көрейік десек те жолдағы Айша бибі кесенесіне соқпай кете алмадық. Ертеңінде Әулие-Ата ескерткішіне арнайы барып, Тектұрмас


Қазан айында қарттарға құрмет көрсету айлығы жалғасын табуда. «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы аясында Қарабөгет ауылдық округі әкімдігінің ұйымдастыруымен «Көп жасаған қария – ақылы теңіз, дария» атты әдеби-танымдық басқосу өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – ұлттың ұйытқысы болған қарияларға құрмет көрсетіп, олардың өмір жолы мен өнегесін кейінгі ұрпаққа үлгі ету.

Аға буынға құрмет

Кітапханаға арнайы шақырылған ауылдың ардақты ақсақалдары мен ақ жаулықты әжелері өздерінің өмірлік тәжірибелерін ортаға салды. Ата-әжелеріміздің құрметіне дастархан жайылды, әдемі әңгіме өріс алды, олар ұлттық тағамдардан дәм татты. Қариялар ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Мұндай рухани-танымдық іс-шаралар жастардың бойына үлкенді құрметтеу, салт-дәстүрді қадірлеу сияқты құндылықтарды сіңіруге игі ықпалын тигізеді.



Ж.НАСЫРОВА,
Қарабөгет ауылдық кітапханашысы.



әулиенің, Қарахан бабаның кесенелеріне тәу еттік.

Түстен кейін Алматыда аялдап, осы сапарға демеуші болған Жетісуға белгілі меценат Керімжан Бижановқа деген алғысымызды ақтардық.

Бұл сапардың мәні бөлек білгенге, Мол қазына жолығады жүргенге. Ғажайыпты алыстардан іздейміз, Сарқылмайтын көмбе жатыр іргемде.

Сол көмбені көріп көңіл өседі, Ғұмыр бойы іздегенім осы еді. Білгің келсе қазынаның кілтін тап, Кім болғанын кеткендердің кешегі.

Жәдігерлер өткеннен сыр қозғасын, Жан жадырап, жүректе от маздасын. Ерлік рухы өршіл жасқа дарысын, Зерделейтін Отырардың қазбасын.

Бұл сапарда жаңғырды рас санамыз,

Жолда аңыз - әпсанаға қанамыз. Имандылық рухы жанды жебейді, Қабыл алса Арыстан баб бабамыз .

Беу, Түркістан, тылсым болып тұнасың, Астанамсың кеңге жайған құлашын. Білім рухы құлшындырды ертеңге, Оқығанда Фарабидің мұрасын.

Босқа өтпеді таңымыз бен күніміз, Баба ұрпағы ұсақ емес іріміз. Сапарда бұл Ер - ағамыз бастаған, Жетісулық ардагердің бірі - біз.

Жоғары ұстап жүрген деңгей - өресін, Азаматты кіл биіктен көресің. Керімжандай Жетісудың саңлағын, Сүріндірмей баба рухы жебесін!!!

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАЙТЫН ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ



Тілге құрмет – Елге деген құрмет

Халықтың мәңгілік рухын сақтайтын басты тірек – оның тілі. Тіл – ұлттың жаны, жүрегі, өткен тарихының шежіресі, болашаққа барар жолындағы бағыт-бағдары. Бұл – жай ғана афоризм емес, мыңжылдықтардан бері дәлелденіп келе жатқан шындық. Қай халықтың болмасын елдігін, егемендігін танытатын ең бірінші белгісі – ана тілі. Сондықтан тілге деген құрмет – елге деген құрмет екені еш шүбәсіз.

Біздің еліміз үшін бұл ұғым аса терең мәнге ие. Себебі қазақ тілі ғасырлар бойы отарлық езгінің көлеңкесінде қалып, ұлттық сана мен рухани болмысқа төнген қауіппен қатар дамыды. Тек 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-інің егемендігі туралы Декларация қабылданғаннан кейін ғана тіл мәселесі жаңа арнаға бет бұрды. Бұл күн – Республика күні – еліміздің тәуелсіздікке бет алған алғашқы тарихи қадамы, мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындаған кезең.

Тіл – жай ғана сөздер жиынтығы емес. Ол – халықтың жаны мен болмысы. Қазақ тілі арқылы біз ата-бабамыздың аманатын, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді, ойлау жүйемізді, дүниетанымымызды бойымызға сіңіреміз. Осы тұрғыдан алғанда, тілді сақтау – тек мемлекеттік міндет емес, әрбір азаматтың ел алдындағы парызы.

Республика күні және тіл мәртебесі

Республика күні – еліміздің саяси ғана емес, рухани жаңғыруының да бастауы. Бұл күннің тарихи мәні – мемлекеттілік пен тілдің арасындағы тығыз байланысты нығайтуында. Өйткені тәуелсіздік идеясын тек шекара мен рәміздер арқылы емес, ана тілінің өміршеңдігі арқылы да жүзеге асыруға болады. Тәуелсіздікке қол жеткізген ел өз тілінің тағдырына өзі жауапты.

Тәуелсіздікпен бірге қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Бұл – тарих сахнасында жоғалып кете жаздаған тілдің қайта тірілуінің бастауы болды. Өрине, бұл оңай жол болған жоқ. Қоғамда екіұдай пікірлер, түрлі көзқарастар орын алды. Бірақ уақыт өте келе халықтың басым бөлігі мемлекеттік тілдің мәртебесіне қолдау білдіре бастады. Бұл – елдік сананың өскенін білдіреді.

Тілге құрмет – ұлттық рухқа құрмет

Тілге құрмет дегеніміз – тек грамматикалық ережелерді білу немесе әдеби тілде сөйлеу ғана емес. Бұл – тілді күнделікті өмірде қолдану, оны дамыту, қорғау, ұрпаққа жеткізу. Бұл – мемлекеттік органдарда, білім мен ғылымда, мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілін белсенді пайдалану.

Бүгінгі таңда елімізде тіл саясатына бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асуда. Бірақ тіл тек мемлекеттік құжаттармен дамымайды. Ол халықпен бірге өседі. Ана тіліне деген шынайы құрмет әр адамнан басталады. Егер бір ұлттың азаматы өз тілінде ойлай алмаса, сөйлей алмаса – ол ұлттың келешегі бұлыңғыр болмақ.

Жастар арасында ана тіліне деген қызығушылықтың артуы – қуантатын жайт. Әлеуметтік желілерде, шығармашылық алаңдарда, әдебиет пен музыкада қазақ тілінің қолданылу ауқымы кеңейіп келеді. Бұл – тілдің тек сақталып қана қоймай, заманауи сипатта дамып келе жатқанын көрсетеді. Бірақ бұл үдерістің тұрақты болуы үшін әр азаматтың саналы әрекеті қажет.

Ана тілі - елдіктің айнасы

Бір қарағанда, тіл мәселесі – жеке адамның еркіне қатысты мәселе сияқты

көрінуі мүмкін. Бірақ шын мәнінде бұл – ұлттық қауіпсіздік пен елдік тұтастықтың негізі. Тілді білмей, оны құрметтемей тұрып, нағыз отаншыл болу мүмкін емес. Өйткені Отан – отбасынан, ал отаншылдық – ана тілін сүюден басталады.

Қазақ тілі – өзінің сөз байлығымен, көркемдігімен, бейнелілігімен ерекшеленетін әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Тек осы байлықты терең танып, оны заманауи талаптарға сай бейімдей алуымыз керек. Бұл – шығармашылықты, білімді, батылдықты талап ететін іс. Бірақ оны бастау – біздің азаматтық жауапкершілігімізге байланысты.

Қорыта келе, «Тілге деген құрмет – елге деген құрмет» деген сөз – ұран емес, ұрпаққа аманат. Ана тілін ардақтаған ел ғана шынайы тәуелсіздікке қол жеткізе алады. Республика күні – осы құндылықтарды ұлықтайтын, халықтың рухын көтеретін, ел мен тіл арасындағы тұтастықты еске түсіретін мереке.

Ендеше, ел боламыз десек – тілімізді төрге оздырайық. Ана тілінде сөйлеу, жазу, ойлау – бұл жай ғана міндет емес, бұл – елін сүйген әр азаматтың жүрек қалауымен атқарылатын қасиетті іс.

М.АЙТОВА,

Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының (Лепсі ауылы) мемлекеттік тіл оқытушысы.

Зорлық-зомбылықсыз болашақ үшін

Біздің халқымыз ер-азаматты шаңырақ иесі десе, әйел-ананы отбасының алтын қазығы деп бағалаған. Бұрын әйел теңдігі ұғымы мәселе болса, бүгінгі күні ол гендерлік теңдік деген үлкен саясатқа ұласып, мемлекет басшысының қолдауымен осы гендерлік теңдік аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң қабылданды.

Жалпы, гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық саласында көрініс табатын әлеуметтік қыры деген ұғымды білдіреді. Қазіргі кезеңде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік саясатты жүзеге асыруға, гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр. «Отбасы – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу жұмысы күшейтілді.

Ел өміріндегі өзекті мәселелердің бірі – отбасылық зорлық-зомбылық. Құқық қорғау органдарында оған қарсы күрес жүргізетін арнайы бөлімдер жұмыс істейді. Қалыпты өмір ырғағын бұзатын жағымсыз әрекеттерге заңмен тосқауыл қойылатынын әркімнің білуі маңызды.

Ішкі істер министрлігінің басты міндеті – азаматтардың қауіпсіздігі мен қоғамда тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. Оның ішінде әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесі ерекше назарда.

Қазіргі қоғамда отбасылық зорлық-зомбылық — аса өзекті мәселелердің бірі. Психологиялық ахуалына ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіреді. Зорлық-зомбылықтың құрбаны көбіне әйелдер

мен балалар болып отыр, бұл олардың денсаулығына, психологиялық жай-күйіне және қоғамдағы орнын табуына теріс әсер етеді.

Қазақстан Республикасы бұл мәселеге ерекше назар аударып, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күресу мақсатында бірқатар заңнамалық және институционалдық шараларды қабылдады. Атап айтқанда, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заң, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, қылмыстық кодекс және басқа да нормативтік актілер арқылы құрбандарды қорғау тетіктері қарастырылған.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін заңнамалық шаралар қабылдауда. Алайда бұл мәселенің түп-тамыры тек құқықтық салада ғана емес, қоғамдағы моральдық-этикалық нормалармен де тығыз байланысты. Көптеген мәдениеттерде «отбасылық істерге араласуға болмайды» деген көзқарас қалыптасқан, бұл жәбірленушілердің көмек сұрауын қиындатады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда қоғамның салт-дәстүрлері немесе гендерлік стереотиптер зорлық-зомбылықты ақтауға немесе оны қалыпты жағдай ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - қазіргі қоғамдағы ең өзекті және күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі. Ол тек жеке адамдарға ғана емес, барлық қоғамның тұрақтылығы мен дамуына кері әсер етеді. Зорлық-зомбылықты тоқтатудың құқықтық құралдары болғанымен, мәселені түбегейлі шешу үшін моральдық және этикалық тұрғыдан да кешенді шаралар қажет.

Отбасылық зорлық-зомбылық - отбасы мүшелері арасында дене күшін, психологиялық қысымды, жыныстық немесе экономикалық қысым көрсетуді білдіретін әрекет. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңына сәйкес, зорлық-зомбылық келесі түрлерге



бөлінеді: - Физикалық зорлық-зомбылық - денсаулыққа зиян келтіру немесе қауіп төндіру; - Психологиялық зорлық-зомбылық - қорқыту, қорлау, кемсіту; - Сексуалдық зорлық-зомбылық- жыныстық болсалау не мәжбүрлеу; - Экономикалық зорлық-зомбылық- материалдық шектеу, мүлікке қол сұғу.

Қазақстан заңнамасы зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға бағытталған нақты құқықтық тетіктерді қамтиды: Қорғану ұйғарымы - жәбірленушіні қорғау мақсатында соттың немесе полиция бөлімі шығарған арнайы шешімі. Бұл құжат агрессорға жәбірленушімен байланыс орнатуға, бір үйде болуға, тіпті жақындауға тыйым салады. Дағдарыс орталықтары — психологиялық, медициналық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсететін ұйымдар. Қазақстанда қазіргі таңда осындай орталықтардың саны артып келеді.

Отбасы - әр адамның қауіпсіздік пен сүйіспеншілікті сезінетін орны болуы тиіс. Сондықтан зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін насихаттау, ата-аналар мен балаларға психологиялық қолдау керсету, жастарға отбасылық құндылықтар мен езара құрметті үйрету - басты міндеттердің бірі. Егер де зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз жоғарыда көрсетілген алгоритм бойынша әрекет етіңіз деп кеңес береді Сарқан АПБ ҚҚБ-ның отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторлары.

Біздің өңірде тұрмыстық зорлық-

зомбылыққа ұшыраған нәзік жандыларға кеңес беріп, құқықтық көмек көрсететін "Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жанұя" отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бар.

Осы орталықтың мәліметтеріне сәйкес жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар 5 тұлға тіркеліп, оларға тиісті құқықтық көмек көрсетіліп, жан-жақты қолдау жасалған.

Жасыратыны жоқ, ресми статистикаға көз жүгіртсек тұрмыстық зорлық-зомбылыққа нәзік жандылар көбірек ұшырайды. Әйелдерге қатысты кемсітуді жою мақсатында еліміз 1998 жылы 29 маусымда әйелдерге байланысты кемсітудің барлық түрін жою жөнінде БҰҰ Конвенциясына қосылып «Әйелдердің саяси құқықтары туралы», «Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы» конвенцияларды бекітті.

Қазіргідей дамыған заманда тіршілік тірегі – әйел теңдігін, табиғатынан қамқорлықты қажет ететін нәзік жандылардың құқығын қорғау қай қоғамда болсын басты мәселе болып саналады.

Қазақ халқында әйелдің орны ерекше, ана деп құрметтеп, қарындас деп еркелетіп отырған. Ер азаматтың тірегі, қамқоршысы болған әйелдер қамыққанда сүйеу, тарыққанда тіреу, қам көңілге жұбаныш бола білген.

Өз тілшіміз.

Жуырда табиғаты тамыл-жыған Аманбөктерауылын-да туризм саласын дамыту және ұстаздардың жан-жақты, белсенді тұлға екенін дәлелдеу мақсатында мектеп директоры Жансерік Бөкеннің ұйымдастыруымен туристік сайыс өтті. Айта кетерлігі жиын ұстаздар, халықаралық туризм және кәсіподақ ұйымы күніне орай өткізілді. Аталған іс-шараға өңірдегі білім ошақтарынан жинақталған 13 команда қатысып, өздерінің шыдамдылығы мен ептілігін, топпен жұмыс істеу қабілетін көрсетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылғы халыққа арнаған Жолдауында: "Ішкі туризмді дамыту – ел экономикасының жаңа бағытына айналуы тиіс. Әсіресе, экотуризм мен этнотуризм арқылы халықтың белсенді демалыс мәдениетін қалыптастыру маңызды" деп атап өткен болатын. Өткізілген шара – осы жолдаудың жергілікті жерде нақты жүзеге асуы болды.

Жиын барысында сөз алған Сарқан ауданы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ маманы Жанат Мұқашев кәсіподақ ұйымының белсенділігі мен ұстаздардың ынтымағы, «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі туризм бөлімінің маманы Меруерт



ТУРИЗМДІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТУРИСТІК САЙЫС

Сүлейменова туризмнің маңыздылығы, табиғатпен үйлесімде өмір сүрудің тәрбиелік мәні, Аманбөктер негізгі орта мектебінің директоры Жансерік Бөкенұлы жергілікті туризмнің дамуы туралы айтып, бүгінгі сайыстың мән-маңызына тоқталды.

Сайыс барысында қатысушыларға сазды өткелден өту, азимут анықтау (компаспен бағыт табу), аспалы өткелден өту (арқанмен өту), параллель өткел (екі арқан арасымен жүру), алғашқы медициналық көмек (жарақат алған адамға көмек), от жағу (қолмен, табиғи материалмен), жумар арқылы көтерілу

(техникалық сайман қолдану), дюльфермен түсу (арқанмен түсу), бөрене арқылы өту (тепе-теңдік сынағы), түйіндер байлау (туристік түйіндер) бойынша тапсырмалар берілді. Әр кезеңде қатысушылардың жылдамдығы, дәлдігі және қауіпсіздік ережелерін сақтау деңгейі төрешілермен бағаланып отырды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар туризм мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, ұстаздарды салауатты өмір салтына баулуға септігін тигізеді. Сайыс соңында үздік нәтиже көрсетіп, I орынға ие болған Әл Фара-

би атындағы орта мектеп, II орындарға лайық болған Екіаша орта мектебі мен Аманбөктер негізгі орта мектебі, үздік үштікті түйіндеп, III орындарды иемденген Алтынсарин атындағы орта мектебі мен «Жоңғар Алатауы» МҰТП командалары марапатталып, оларға арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Туристік жарыс кезінде еліміздің табиғатына тамсанып, саяхаттап жүрген филиппиндік азамат, сандата-камао жекпе-жек өнерінің өкілі Браян Адамспен аз-кем әңгімелестік. Шетелдік қонақтың сөзінше елімізге алғаш рет келіп отыр, тамылжыған табиғат аясындағы осы іс-шара өзіне ұнап жатыр, ел азаматтарының табиғатпен қарым-қатынасына таң қалуда, Қазақстан туризмге қолайлы мемлекет, сондықтан әрі қарай жан-жақты дамытып, қолайлы жағдай жасау керектігін айтты. Сандата Камао – Филиппиннің ұлттық жекпе-жек өнерінің бірі. Бұл бағыт арнис, эскрима, кали сияқты дәстүрлі филиппиндік қарулы жекпе-жек тәсілдеріне жақын. "SANDATA" сөзі «қару», ал "КАМАО" «жұдырық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл жүйе қарумен де, қарусыз да соғыс жүргізу тәсілдерін қамтиды. Сайыс арасында жиналған жұрт қара белбеу иегері шетелдік қонақтың жекпе-жегінен көрініс көріп, іс-қимылдарын тамашалады.

Бұл туристік сайыс өңірдегі ішкі туризмді дамытуға тың серпін беріп, табиғатты қорғау жауапкершілігін нығайтты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ОТАНЫН СҮЙГЕН ЕР – ЕЛІН ҚОРҒАЙДЫ



Әскер – ел қауіпсіздігінің қалқаны, бейбіт өмірдің кепілі. Әскерге бару – әрбір ер азаматтың Отан алдындағы қасиетті борышы. Бұл – елге деген сүйіспеншіліктің, жауапкершіліктің және батыллықтың көрінісі.

Әскер қатарында болған жігіт тәртіпке үйреніп, шыдамдылық пен ерік-жігерін шыңдайды. Ол қиындыққа төтеп беруді, ел мен жерді қорғаудың маңызын түсінеді. Осындай тәжірибе әр азаматтың өмірінде үлкен рөл атқарады.

Сондықтан да «Ер ел үшін туады» дегендей, әр ер жігіт өз борышын абыроймен атқаруға тиіс. Өйткені әскер – нағыз ерлер мектебі, ал Отанды қорғау – ең үлкен мәртебе.

Қадыл Жанасбеков, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

«Әскерге бару – әрбір ер азаматтың Отан алдындағы қасиетті борышы. Бұл – елін, жерін қорғауға дайындықтың, ерлік пен намыстың белгісі. Туған жердің тыныштығын, тәуелсіздігін сақтау – әр азаматтың жүрегінде жатқан ұлы міндет. Сондықтан да әскерге бару тек заңмен бекітілген міндет емес, бұл – ұлттық рух пен азаматтық жауапкершіліктің көрінісі.

Көптеген азаматтар әскерде жүріп, өз елінің нағыз патриоты болуды үйренеді. Олар ел тыныштығын сақтау үшін бар күшін салып, отбасын, халқын қорғауға әзір екенін дәлелдейді.

Рахат Ботбаев, жеке кәсіпкер:

2016-17 жылдары мен Шығыс

Қазақстан облысында өзімнің азаматтық борышымды аман-есен өткеріп келдім. Шекара қызметінде, елдің шетінде, желдің өтінде жүріп мемлекетіміздің тыныштығын күзеткенімді, ата-бабамыз аманаттаған ұланғайыр аймақты жат көзден қорғағанымды мақтан етемін. Әскер қатарына шақырылған әрбір жас жігіт өмірдің жаңа сатысына қадам басады. Мұнда олар темірдей тәртіпке, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа үйренеді. Әскер – адамды батылдыққа, сабырлыққа, достық пен бауырмалдыққа тәрбиелейтін орта. Осы қасиеттер болашақта өмірдің барлық саласында қажет болады.

Сарқан аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім берген мәліметтерге сүйенсек күзгі науқан аясында 78 адамды әскер қатарына жіберу жоспарланған. Соның ішінде ағымдағы жылдың 13 қазан күнгі деректерге сай Ұлттық қауіпсіздік комитетіне 8 адам, мемлекеттік қауіпсіздік қызметіне 1 адам, Қарулы күштер қатарына 38 адам жіберілді. Жоспарды ойдағыдай орындау әрі жастарды әскери қызметке тарту мақсатында нендей жұмыстар жасалып жатыр деген сауалымызға аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім мамандары 1414 және зғов ресми арналары арқылы әрбір әскерге міндеттіге хабарлама жібереміз және шақыру қағазын таратамыз. Әскери қызметтен жалтару әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке соғатынын ескертеміз. Түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Алдағы уақытта бұл жұмыс жалғасын таба бермек дейді. Сондай-ақ аталмыш бөлім

тарапынан жастарды әскер қатарына шақыру мақсатында мынадай жұмыстар жасалуда. 1. Насихат және түсіндіру жұмыстары: Мектептер мен колледждерде әскери-патриоттық тәрбие сағаттары, кездесулер, әңгімелер өткізіледі. Онда әскери борыштың маңызы түсіндіріліп, Отан қорғаудың абыройлы іс екені айтылып келеді. 2. Әскери-патриоттық клубтар мен ұйымдар: «Жас сарбаз», «Айбын» сияқты ұйымдар арқылы оқушылар мен студенттерге әскери дайындық үйретіліп, патриоттық рух қалыптастырылады. 3. Мерекелік және насихаттық іс-шаралар: Әскери бөлімдерде ашық есік күндері өткізіліп, жастарға сарбаздардың өмірі мен қызметі таныстырылады. Сондай-ақ, БАҚ арқылы Отан алдындағы борышты өтеудің маңызы насихатталады. 4. Денсаулық және дайындық тексерістері: Әскерге шақырылушылар медициналық тексерістен өтіп, психологиялық және физикалық дайындықтары бағаланады. 5. Жергілікті әкімдіктер мен қорғаныс істері бөлімдерінің бірлескен жұмысы: Әскерге шақыру науқаны кезінде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, шақырылушылардың құжаттары реттеледі.

Отанды қорғау – ұлттық ұлылығын сақтайтын қасиетті іс. «Ер ел үшін туады» дейді халқымыз. Әскерге бару – ата-бабалар аманатына адалдықтың белгісі. Себебі тәуелсіздік пен бейбіт өмір оңайлықпен келген жоқ, оны қорғау – бүгінгі ұрпақтың басты парызы.

Әскер қатарында қызмет ету – нағыз ер жігіт үшін үлкен сынақ әрі өмірлік сабақ. Бұл кезеңде адам өз мінезін шыңдап, өмірдің мәнін терең түсінеді. Осындай тәжірибе арқылы жігіттер нағыз азамат болып қалыптасады.

Жуырда Қорғаныс министрінің орынбасары Шайх-Хасан Жазықбаев әскерге барғандардың шектеулерден психологиялық күйзеліске ұшырауы мүмкін деді. Сол үшін әскери психологтардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуді бастағанын айтады. Сонымен қатар жасанды интеллект негізінде анонимді түрде әскери қызметшілер мен олардың отбасына стресс әрі күрделі жағдаймен күресуге көмектесетін Telegram-бот әзірленіп, іске қосылғанын айтты. Бұл бот тәулік бойы жұмыс істейді екен.

Қорыта келе айтарымыз қазіргі таңда еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Әскерге барып, борышын өтеген азамат елінің қорғаны болып саналады. Сондықтан әрбір ер жігіт үшін әскерге бару – абырой, ерлік пен елге деген сүйіспеншіліктің белгісі.

Партия ЖЕҢІСХАН.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу

Қазақ өнерінің тарихында өшпес із қалдырған, халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұқан Төлебаевтың шығармашылық мұрасы аса бай. Оның «Біржан – Сара» операсы ұлттық опера өнерінің інжу-маржанына айналды. Алайда композитордың өмірінде орындалмай қалған үлкен арманы бар еді – ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсын жазу болатын.

Музыкатанушылардың дерегіне сүйенсек, Төлебаев бұл операны төрт актілі, бес көріністі етіп жоспарлаған. Либреттосын белгілі қаламгерлер Ғабит Мүсірепов пен Нұрлан Баймұхамедов жазған. Композитор ұлттық фольклор мен халық әндерінің бай қазынасын кәсіби музыкалық тілмен ұштастырып, жаңа формада жеткізуді мақсат етті.

Операның аяқталмай қалуына бірнеше себеп болған. Ең алдымен, либреттоның драматургиялық тұрғыдан толық жетілмеуі композитордың жұмысын тежеді. Эпикалық жырды сахнаға лайықтап, заманауи драмалық формаға түсіру оңай шаруа емес еді.

Сонымен қатар, Мұқан Төлебаев сол жылдары бірқатар мемлекеттік және шығармашылық жобаларға қатысып, уақыты мен күшін бөлуге мәжбүр болды. Композитордың өзі айтқандай, ол екінші актімен жұмыс жасап жүрген кезінде: - «Жарыққа шығаруға тұратын осы бір құнды шығарманы аяқтап шығу – менің арманым» – деп жазған екен. Бұл туынды – қазақ операсының тарихындағы сағынышқа толы, бірақ рухы биік беттердің бірі. Төлебаевтың аяқталмай қалған еңбегі – ұлттық өнердің мәңгілік биігін көрсететін ескерткіш секілді. Бәлкім, болашақта осы музыкалық нобайлар негізінде жаңа композиторлар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсын қайта жаңғыртып, ұлы ұстаздың арманын жүзеге асырар...

С. ДЖАПАРОВ,

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің қор сақтаушысы.



Ел экономикасының дамуы үшін маңызды қадам

«Еңбек пен бақыт - егіз» деген қанатты қағида бар. Мейлі малшы, диқан, дәрігер, мұғалім болсын, кім өз жұмысын адал әрі мінсіз атқарса, сол адам қоғамда құрметке бөленеді, табиска кенеледі, қатарының, әріптестерінің алды болады. Сол тұрғыда сан салалы жұмысшы мамандығын шебер меңгерген, тіпті зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеуден қашпайтын бейнеткеш еңбеккерлер – өзі таңдаған саланың нағыз майталманы, үздігі.

Жылдар жылжып алға озған сайын қоғамдық көзқарас, сана, таным-түсінік өзгеріп, жаңарып отыратыны – қалыпты жағдай. Ескіден соң жаңа келеді, үлкеннің ізін кіші басады. Осы сабақтастықтың ізімен жұмысшы мамандықтарына да дұрыс көзқарас қалыптасып келеді. Жастардың бұл салаға құрметі, қызығушылығы арта түсті. Қол еңбегіне амалдың жоқтығынан емес, ерте жастан құлшынып баратындар салыстырмалы түрде көбейе түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында жұмысшы мамандықтарының абырой-беделін көтеру жолында әлі қыруар жұмыс атқарылатынын айтты. «Тәуелсіздік ұрпақтары қазірдің өзінде ғылым, спорт, бизнес, креативті индустрия, мемлекеттік қызмет саласында зор жетістікке жетіп жүр. Көбі өндірісте, ауыл шаруашылығында табысты еңбек

етеді. Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дөріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек. Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие әрі қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да көпілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық, моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын» деді Президент.

Қазақстан Республикасында 2025 жыл “Жұмысшы мамандықтар жылы” деп жариялануы – мемлекет тарапынан жұмысшы мамандықтарын қолдау және олардың қоғамдағы мәртебесін арттыру мақсатында қолға алынған маңызды шара болып табылады. Бұл бастама жұмысшы мамандардың ел экономикасындағы орны мен рөлін тануға, сондай-ақ кәсіби білім беру жүйесін дамытуға бағытталған. Оқытушы ретінде мен осы жыл аясында жұмысшы мамандықтарына қатысты бірқатар мәселелерді талдап, олардың маңыздылығын атап өткім келеді.

Қазақстан Республикасында жұмысшы мамандықтарының маңызы зор. Ел экономикасының дамуындағы жұмысшы мамандықтарының рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының Президенті 2025 жылды “Жұмысшы мамандықтар жылы” деп жариялап, жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықты арттыру және жастарды осы салада білім алуға ынталандыру мақсатында бірқатар шаралар қабылдады. Бұл бастама еліміздегі кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінің сапасын

арттыруға, сондай-ақ жұмысшы кәсіптерінің қоғамдағы беделін арттыруға бағытталған.

Жұмысшы мамандықтар экономиканың негізгі салалары үшін мамандарды даярлауда, ұлттық өндірістің тиімділігін арттыруда және жұмыссыздық деңгейін төмендетуде маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы кәсіптік техникалық білім беру жүйесі қазіргі уақытта көптеген жетілдірулер мен реформаларды қажет етеді. Бұл реформалар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға бағытталған.

Жұмысшы мамандықтар – бұл өндіріс пен қызмет көрсету салаларында еңбек ететін мамандардың қызметі. Олар техникалық дағдылар мен арнайы білімді қажет ететін салаларда жұмыс істейді. Қазақстан экономикасының түрлі салаларында, әсіресе құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік және байланыс салаларында жұмысшы мамандардың маңызы зор. Олардың еңбегі өндірістің тиімділігін, өнім сапасын және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жұмысшы мамандықтар еліміздің экономикалық дамуына негіз бола отырып, өндірістік процестердің сапалы және тұрақты болуын қамтамасыз етеді. Бұл салалардағы жұмысшылар әрқашан жоғары білікті және кәсіби мамандарды қажет етеді. Бүгінгі таңда техника мен технологияның жылдам дамуы, инновациялық әдістердің енгізілуі жұмысшы мамандықтарына деген сұранысты арттырып отыр.

Жұмысшы мамандықтары жастардың болашағымен тығыз байланысты. Жұмысшы кәсібін игере отырып, жастар өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырады және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Және де жұмыспен қамту мамандары Қазақстан экономикасының тиімді дамуына және елдің өндірістік секторларының сапасын арттыруға өз үлестерін қосуда.

Біздің елімізде жастарды жұмысшы мамандықтарына тарту және олардың кәсіптік білім алуына мүмкіндік беру үшін көптеген шаралар қабылдануда. Бұл жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы маңызын арттырып, жастарға өз мамандығы бойынша білікті мамандық алуға мүмкіндік береді. Осылайша, жұмысшы мамандықтары жастарға үлкен мүмкіндіктер мен перспективалар ашады.

“Жұмысшы мамандықтар жылы” – бұл еліміздің өндірістік салаларын дамытуға, жұмысшы кадрларды даярлауға, жастарды кәсіптік білім алуға тартуға бағытталған стратегиялық қадам. Осы жылы қабылданатын шаралар арқылы жұмысшы мамандықтарының мәртебесі артып, олардың қоғамдағы рөлі одан әрі күшейтіледі. Бұл шаралар Қазақстан экономикасының дамуына және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан әрбір жас азамат, осы бағдарлама аясында, жұмысшы мамандықтарына қызығушылық танытып, өз болашағын осы салада құруға мүмкіндік алады.

Осылайша, Қазақстанның болашағы жұмысшы мамандықтарының сапалы дамуымен байланысты екені анық. Жастарды еліміздегі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға оқыту еліміздің экономикалық өсуіне және қоғамдағы еңбек өнімділігінің артуына ықпал етеді. “Жұмысшы мамандықтар” жылы осы мақсатқа жетуге бағытталған қадамдардың бірі болып табылады және болашақта ел экономикасына оң әсерін тигізеді деп сенемін.

Алима ТУСУПОВА,
Сарқан политехникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

ЭТНОМЕДИАЦИЯ - бейбітшілік пен келісімнің кепілі

Осы аптада облыстың қоғамдық медиаторларын Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) хатшылығы мен Республикалық этномедиаторлар кеңесі бірлесіп өзірлеген Эномедиаторлар қызметінің алгоритмі бойынша ақпараттық оқытуға арналған жиын болып өтті.



Құман Тастанбеков атындағы Сарқан аудандық мәдениет үйінде өткен жиынға Жетісу облысының ҚХА жанындағы этномедияция кеңесі тарапынан Ақсу, Сарқан аудандарының өкімдігінің реестрінде тіркелген қоғамдық медиаторлар, аталмыш аудандардың Ардагерлер кеңесі, Аналар кеңесінің төрағалары, Сарқан аудандық полиция бөлімі көмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар, Сарқан ауданының қоғамдық пікір көшбасшылары қатысты.

Шараның модераторы – Жетісу облысының ҚХА жанындағы этномедияция кеңесінің төрағасы – Бақтыгүл Чингаева бастауында басқосудың мақсатын түсіндіріп, көпұлтты еліміз үшін этномедияцияның рөлі айрықша екендігіне тоқталды.

Бақтыгүл Кененсарықызын айтуынша Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) хатшылығы мен Республикалық этномедиаторлар кеңесі бірлесіп өзірлеген этномедиаторлар алгоритмі – тек қана Жетісу облысында емес, жалпы бүкіл Қазақстанда этносаралық келісімді нығайту мен әлеуметтік процестерді жақсарту бағытында маңызды қадам болып табылады. Бұл бағдарлама қақтығыстарды болдырмау үшін әр түрлі этникалық топтардың ерекшеліктерін және қажеттіліктерін, мәдени, тілдік және тарихи ерекшеліктерді ескере отырып, шешуге мүмкіндік береді.

Жиын барысында Сарқан аудандық Аналар кеңесінің төрайымы, аудандық қоғамдық медиатор, Жетісу облысының ҚХА жанындағы этномедияция кеңесінің мүшесі Құлшарбан Қалиева, Сарқан аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбеков, Ақсу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев сөз алып, тақырып аясында өз ойларымен бөлісті.

Сондай-ақ оқыту барысында Бақтыгүл Кененсарықызы алгоритмнің 1-ші, 2-ші және 3-ші кезеңдерін оның ішіндегі тарауларды тарқатып айтып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жиын соңында жиналғандар ұсыныстарын ортаға салып, сұрақ қоюға мүмкіндік алды.

Өз тілшіміз.

•101 ескертеді

САРҚАН АУДАНЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 4 ТОҚСАНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орнатылуы	Қабылдау жұрттестігі ұрпақтың Т.А.Ә.	Қабылдау жұрттестігі ұрпақтың ұрпақтың	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Орнатылу орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Бақтыгүл Жетісу	Бақтыгүл Жетісу	жұмыс күні 15.00-17.00 арасында	Сарқан ауданы М.Әуезов көшесі 4	8 72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Тілегат Аманжол	Бәлімбет бас маманы	сәрсенбі 15.00-18.00	Сарқан ауданы М.Әуезов көшесі 4	8 72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы М-12 Қорғандық бөлімі	Қуатбеков Қайрат	2-Әртөздік бөлімінің бас маманы	сәрсенбі 15.00-18.00	Сарқан ауданы М.Әуезов көшесі 4	8 72839/ 2-11-65

Сенім телефоны: 8 72839/ 2-24-43.

ҮЙДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Беріміз білеміз, қосылған күйде ұмытылып қалған үтік, баланың қолына түскен шырпы, байқаусыз лақтырған темекі тұқылы қандай жағдайға әкелетіні белгілі. Сонда да осы себептерден өрттердің пайда болуы қайталана береді.

Өрттің салдарынан қайғылы оқиғаның болуы әбден мүмкін. Кез-келген үйде түрлі тұрмыстық қондырғылар, жабдықтар, жанғыш сұйықтар мен жылыту көздері бар. Электрқондырғылар мен сымдардың жарамдылығына назар аудару қажет. Сынған және жарамсыз розеткаларды, ажыратқыштарды, патрондарды дер кезінде ауыстырыңыз. Үй-жайларды жылыту үшін қолдан жасалған электр жылытқыш қондырғыларды пайдаланбаңыз.

Зауытта жасалған сақтандырғыштың орнына қолдан жасалған сақтандырғыштарды «жучок» сияқты калибрленбеген балқитын қосқыштарды пайдалану өте қауіпті – орнатқан жағдайда өрттің болуы әбден мүмкін. Электр желілерінің өртенуі көбінесе электр желілердің жүгі шамадан тыс болғаннан, үлкен ауыспалы кедергілерден, қысқа тұйықталудан, ұшқындардан болады. Бір уақытта электр желісіне қуаты күшті бірнеше электр құралдарын қосу оның жүгінің шамадан тыс болуына әкелетінін есіңізде сақтаңыз. Қосылған үтіктер, электр шәйнектер және тағы басқа тұрмыстық электр жылыту құралдарын жанбайтын орындарға орнату қажет. Электр құралдарды қосулы күйде балаларға тапсырып тастап кетуге болмайды. Үйден шығарда желіге қосылған электр құралдарын суыруды ұмытпаңыз. Электр сымдарының оқшауланған болуы шарт. Егер де Сіздің пәтеріңізде электр сымдары, электр розеткалары, патрондар бұзылып істен шыққан болса өрт шығуының алдын алу, жөнге келтіру үшін электр шеберін шақыртып, ақауларды жөнге келтіріңіз. Қисайған, жапырылып немесе күрмеленіп жатқан электр сымдарының оқшаулануына зақым келтіреді, сондықтан өйтіп жасауға үзілді – кесілді тыйым салынады.

Өз үйіңізді және мүлкіңізді өрттен сақтаңыз! Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау – сіздің үйіңіздегі береке мен тыныштықтың кепілі.

М.САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



"ҮЗДІК АУДАН ОРТАЛЫҒЫ" АТАНДЫ

«Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында өткен «Үлгілі елді мекен» байқауында Жетісу облысының елді мекендері арасында Сарқан қаласы «Үздік аудан орталығы» атағына ие болып, 3 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Марапатты Талдықорған қаласында өткен жалпы облыстық сенбілік барысында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев табыстады.

Бұл жеңіс – аудан басшылығының жүйелі жұмысы мен тұрғындардың белсенді қатысуының, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің өзара үйлесімді еңбегінің нәтижесі.

Аталған жетістік Сарқан қаласының тазалығы мен абаттандыру деңгейінің жоғары екенін, тұрғындардың экологиялық мәдениеті мен қоршаған ортаға деген жауапкершілігінің артқанын көрсетеді.

Сарқандықтардың ауызбіршілігі мен еңбексүйгіштігі нәтижесінде туған қаламыз өңірде үздік деп танылып отыр.

Барша сарқандықтарды осы зор жетістікпен шын жүректен құттықтаймыз!

Өз тілшіміз.

Сен туған күн, мерекеңіңен!

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары **Малдыбаева Бибігүл Малғаждарқызын** 50 жасқа толуымен, мерей-жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Қызметін жауапкершілікпен атқарып, қарауындағыларға үлгі болып жүрген мерейгердің ұзақ та мағыналы ғұмыр кешіп, отбасылық бақытының баянды болуына ізгі тілегімізді қосамыз.

Жақсының бағы ешқашан байланбаған,
Тұнығы көңілінің лайланбаған.
Саялы Сарқанының самалындай,
Жайдары, қашан көрсең жайраңдаған.
Өмір сенен шаттығын аямасын,
Ұрпағың жаныңа кеп саяласын.
Алақанға салып ап отағасың,
Аяласа өзіңді аяласын.

Ізгі тілекпен: қазынашылық басқармасы.



Құрметті Сарқан қаласының тұрғындары!

Ұлттық статистика бюросы 2025 жылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында ауыл шаруашылығы санағын жүргізуде.

Санақ – еліміздің аграрлық саласын дамытуға бағытталған маңызды іс-шара. Сондықтан әр тұрғынды белсенді қатысуға және интервьюерлер келген кезде сұрақтарға жауап беруге шақырамыз!

• Сұрақтар туындаған жағдайда:

• 1446 – Бірыңғай байланыс орталығына (Қазақстан бойынша тегін) сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін хабарласыңыз.

• Сондай-ақ Telegram-дағы виртуалды көмекшіге жазуға болады: https://t.me/statgovkz_bot

• Санақтың аяқталуына аз уақыт қалды — барлығымыз белсенді атсалысайық!

Т.ӘСКЕРБЕК,

Сарқан қаласы әкімі аппаратының бас маманы.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сан-саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.

Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.

• 19 қазан - Орман шаруашылығы қызметкерлері күні

ОРМАНШЫ - ТАБИҒАТТЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ МЕН САҚШЫСЫ

Жыл сайын елімізде қазан айының үшінші жексенбісінде орман шаруашылығы қызметкерлері күні аталып өтеді. Орманшы күні — орман шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген мамандарға арналған кәсіби мереке.

Мереке табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті насихаттау, орманды қалпына келтіру, ағаш отырғызу ісін дамыту, орман қорғаушыларының еңбегіне құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылады. Сөзсіз орман ағаштарын отырғызып және күтім жасайтын, өрттің алдын алу шараларын жүргізетін, браконьерлік пен заңсыз ағаш кесуге қарсы күресетін, табиғи экожүйені сақтауға үлес қосатын орманшылардың еңбегі ерен. Олар қандай құрметке болсын лайық.

Осы орайда өңіріміздің табиғатын қорғау, ормандарын сақтау мен көбейту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 370 қаулысымен Сарқан, Лепсі және Үйгентас мемлекеттік орман шаруашылықтарын біріктіру арқылы Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» құрылып, қазіргі кезде орманды қорғау жұмыстарын жүргізіп келеді.

Парктің өзі Жетісу облысының шығысында орналасқан және үш ауданның — Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының аумағын қамтиды. Бұл Қазақстанда көлемі бойынша екінші парк. Парк аумағын батыстан шығысқа қарай шамамен 300 км-ге созылып жатқан, теңіз деңгейінен 4000 метрге дейін көтерілетін, шыңдары мәңгі қар басқан Жетісу Алатауы (Жоңғар Алатауы) тау жүйесінің солтүстік жоталары алып жатыр.

"Жоңғар Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің басты мақсаты — Жетісу Алатауының орталық аймағының солтүстік тау беткейлерінің экожүйесін сақтап қалу, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу мен өзгерген экожүйені қалпына келтіру.

Ұлттық парк аумағы қылқан жапырақты және жапырақты ормандардан тұрады. Парк аумағының ормандарының 55 % Тянь-шань шыршасынан, 20 % — терек, 8,6 % — Сиверс алмасы, 7,8 % — қайың, 6,4 % — самырсын ағаштарынан тұрады. Парк аумағында 2000 астам өсімдік түрі өседі, сүтқоректілердің 49 түрі, құстардың 170 түрі, жәндіктердің 700 түрі-мекендейді.

Мекеменің әкімшілік құрылымында 3 филиал, 8 орманшылық бар. Штатта 185 адам, оның 82-сі парк территориясын күзетуге белгіленген, сондай-ақ, штаттан тыс шамамен 100-ден аса адам жұмыс істейді.

Құрметті әріптестер, орман шаруашылығы қызметкерлері!
Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Орманшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Табиғатты қорғау, орманды сақтау мен көбейту — сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі. Орман — өмірдің тынысы, ал сіздер сол табиғаттың шынайы қорғаушыларысыздар.

Сіздерге мықты денсаулық, еңбекте табыс, отбастарыңызға амандық пен шаттық тілейміз! Жасыл желекке толы орманымыз көбейіп, еліміздің экологиялық келешегі жарқын болсын!

Марат КАБИЕВ,

«Жоңғар - Алатауы МҰТП» РММ-нің бас директоры.

Неке қиюға мәжбүрлеу – енді қылмыс

2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жаңа 125-1-бап енгізілді. Бұл бап бойынша басқа адамды еркінен тыс неке қиюға немесе некеге тұруға мәжбүрлеу – енді заң бойынша қылмыс болып саналады.

Қылмыстық кодекстің 125-1-бабында азаматты күш қолдану, қорқыту, шантаж жасау, мүлкін бүлдіремін деп қорқыту немесе жеке мәліметтерді жариялаймын деп қысым көрсету арқылы некеге мәжбүрлеу әрекеттері үшін жауапкершілік қарастырылған. Мұндай іс-әрекеттер үшін 2000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу, қоғамдық немесе түзету жұмыстарына тарту, не екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Мамандардың айтуынша, бұл бап – қоғамда жиі кездесетін, бірақ бұрын нақты жауапкершілік көзделмеген жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Кей өңірлерде әлі де кездесетін «қыз алып қашу» немесе мәжбүрлі неке салттарының заңды түрде тоқтатылуына ықпал етеді. Жаңа заң нормасы азаматтардың жеке бостандығын қорғауға және гендерлік зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған.

Енді әр азамат өз еркінен тыс некеге мәжбүрленсе, бұл жөнінде құқық қорғау органдарына хабарласа алады. Жаңа заң әділдік орнатуға, адам құқығын қорғауға және қоғамда зорлық-зомбылықсыз өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Ұ. МАМЫТБЕК,

Жетісу облысы Сарқан аудандық сотының төрағасы.



Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГИМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.